

Сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы American Bureau of Shipping (ABS) сыныптау қоғамын тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 желтоқсандағы N 2061 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 20 қарашадағы № 758 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 20.11.2017 № 758 қаулысымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңының 4-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықаралық жүзуді орындайтын кемелерді техникалық куәландыру мен сыныптауды жүзеге асыратын American Bureau of Shipping (ABS) сыныптау қоғамы танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі осы қаулыны орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы қаулының 1-тармағына сәйкес American Bureau of Shipping (ABS) сыныптау қоғамын Қазақстан Республикасының тануы туралы Халықаралық теңіз ұйымының (ИМО) Бас хатшысын белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов